



ПРИОЗЁРСКИЙ

18+

№ 37/681

газета издаётся с 26.06.2004 года


11 сентября 2020 года

Вестник

Тақырыптық экскурсиялар

Исполняя Послание Президента

ЕЛБАСЫ РЕЗИДЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕСІГІ АШЫҚ



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың бірінші резиденциясы ғимаратында орналасқан Елбасы кітапханасы 3 қыркүйектен бастап келушілерге есігін ашты. Мұнда тақырыптық экскурсиялар 10 адамнан аспайтын топтарға алдын ала жазылу арқылы тегін көрсетіледі. Яғни кітапхана карантин кезінде қалыптасқан талаптарды сақтай отырып, көпшілікпен байланыстың жаңа форматына көшті.

табақтар топтамасының көрмесі де сәтті көрсетіліп, «Болашақ санасы», «Қазақстандағы олимпиада қозғалысы» т.б. бейне-көрмелер де көптің көңілінен шығыпты.

Бұлардан басқа Елбасы Н.Назарбаевтың идеялары мен бастамаларына негізделген «Н.Назарбаев – Еуразиялық интеграцияның сәулетшісі», «Елбасының асқақ арманы», сондай-ақ Тұңғыш Президенттің қоғамдық наградалар жинағының көрмесі, кітапханасының көшпелі кешен көрме жобасының материалдары бойынша «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» атты көрме ұйымдастырылыпты.

Биыл ел көлемінде атап өткен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай кітапханада «Абай мұрасы – тәрбиенің қайнар көзі» бейнекөрмесі дайындалып, Ядролық сынақтарға қарсы күрестің халықаралық күніне орай «Н.Назарбаев – жаһандық антиядролық қозғалыстың көшбасшысы» экспозициясы атты бейнетур ұйымдастырылған екен.

Заман талабына сай Елбасы кітапхана-

В КАЗАХСТАНЕ ОБРАЗОВАНО МЧС

В Казахстане вновь будет Министерство по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан. Указ об этом подписал Президент.

Ведомству будут переданы функции и полномочия:

-министерства внутренних дел в области предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера, гражданской обороны, пожарной безопасности, обеспечения функционирования и дальнейшего развития государственной системы предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций, организации предупреждения и тушения пожаров;

-министерства индустрии и инфраструктурного развития по формированию и реализации государственной политики в сфере промышленной безопасности;

-министерства национальной экономики Республики Казахстан по формированию и развитию государственного

материального резерва.

Также правительство должно обеспечить по согласованию с Администрацией



Президента перераспределение штатной численности между реорганизуемыми госорганами и вновь образованным министерством по чрезвычайным ситуациям и подведомственных им организаций.

Источник: <https://kapital.kz>

COVID-19

БОЛЕЕ 600 ЧЕЛОВЕК УЧАСТВУЮТ В ИСПЫТАНИЯХ КАЗАХСТАНСКОЙ ВАКЦИНЫ ПРОТИВ КВИ

Принять участие в клинических испытаниях казахстанской вакцины QazCovid-in® против коронавирусной инфекции, разработанной в НИИ проблем биологической безопасности Комитета науки МОН РК, изъявили желание 627 человек, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу КН МОН РК.



Научно-исследовательский институт проблем биологической безопасности Комитета науки МОН РК (НИИПББ) продолжает набор добровольцев на участие в клинических испытаниях казахстанской вакцины от коронавируса.

"Прием документов завершится 10 сентября. На сегодня 627 человек изъявили желание испытать на себе действие разработанной нами вакцины. На первой фазе мы планируем отобрать 44 человека,

на второй – уже 200. Радуют высокая информированность о вакцине, позитивная мотивация и патриотизм казахстанцев. Такое доверие – это не только поддержка на деле, но и большая моральная поддержка для нас – разработчиков и для всей казахстанской науки. Каждый из этих 627 человек, если даже не все они попадут в число добровольцев, как говорит молодежь, наш герой. И мы очень признательны им за такой личный вклад в дело сохранения здоровья и безопасности всех казахстанцев", - заявила генеральный директор НИИПББ Кунсулу Закарья.

Напомним, что 31 июля Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ) включила казахстанскую инактивированную вакцину от коронавируса QazCovid-in® в перечень кандидатных вакцин, допущенных к клиническим испытаниям.

Семь разработчиков вакцины во главе с директором института стали первыми добровольцами, получившими вакцину в целях защиты своей безопасности в условиях постоянной работы с вирусом. По результатам анализов, у всех получивших вакцину выработаны антитела к вирусу, сотрудники здоровы и продолжают работу в рамках научно-технической программы.

Источник: <https://kazpravda.kz>

ВОПРОС УЖЕСТОЧЕНИЯ КАРАНТИНА В СТРАНЕ НЕ РАССМАТРИВАЕТСЯ

Глава Минздрава А.Цой пояснил, что сейчас вопрос ужесточения карантина в стране не рассматривается передает BaigeNews.kz

Один из ключевых критериев – заполняемость коечного фонда свыше 70 процентов. Если мы видим, что наш коечный фонд, который сейчас заполнен всего на 15 про-

центом от действующих коек, будет переполнен, когда мы увидим, что возможность ресурсной системы здравоохранения будет на пределе, тогда мы будем выносить такие решения и предлагать на государственную комиссию такие решения. Сейчас мы мониторим эпидситуацию, и она в данный момент стабильная", – сказал Алексей Цой.



«Төтенше жағдай кезінде де Елбасы кітапханасы өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Барлық іс-шаралар виртуалды түрде атқарылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер және Халықаралық мұражайлар күнін, сондай-ақ Халықаралық ядролық сынақтарға қарсылық шарасы, Қазақстандағы Президенттік институттың 30 жылдығы, т.б. қатарлы айтулы оқиғаларды атап өттік. Бұның барлығы кітапхананың ресми сайтындағы «Бейне галерея» арқылы көпшілікке таныстырылды. Бейнекөрмелер әртүрлі форматта өткізіледі: тақырыптық экспозициялардың бейнетурлар; бейнероликтер; презентация түрінде дәстүрлі электронды формат және алғаш рет «бір жәдігер» идеясы іске асты», дейді Елбасы кітапханасының директоры, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әмірхан Рахымжанов мырза.

Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған «Ұлттар мәдениетін ұлықтаған мекен», Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Қазақстан жауынгерлері Сталинград түбіндегі шайқаста» атты көрмелер көпшілікке ұсынылып, күміс бұйымдар топтастырылған «Күмістің мәңгілік сәулесі» және «Пішін мен суреттің үндестігі» атты

сының ғылыми және білім беру қызметі де виртуалды кеңістікке көшіп, вебинарлар, марафон сабақтары, бейнедәрістер, дөңгелек үстелдер, онлайн-конференциялар өткізумен қатар, «Абай оқулары» эстафетасы, «Елін сүйген Елбасы» мұражай сабағы, мұғалімдердің республикалық шығармашылық байқауы, балабақша тәрбиеленушілері суреттерінің «Атамекен» онлайн байқауы, сонымен қатар әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған елорда мектептері арасында «Ұлы даланың ұлы тұлғасы» онлайн байқауы жоғары деңгейде атқарылған екен.

Сонымен бірге Елбасы кітапханасы өзінің сайты арқылы оқырмандарға онлайн-кітапхана қызметін тегін пайдалануға мүмкіндік беріп отырғаны қуантарлық. Бұндағы кітап қорында электронды форматта үш мыңнан астам басылым бар екен. Бұның сыртында, кітапхана сайтында қазақ халқының көрнекті тарихи тұлғаларына, сондай-ақ мемлекеттің дамуына үлес қосып жүрген қайраткерлерге арналған «Мәңгілік ел алыттары», «Ұлы дала тарландары», «Ұлттық код» т.б. рубрикалар ашылыпты. Жалпы алғанда, Елбасы кітапханасына онлайн-қатынасшылар саны 10 мыңның үстіне шығыпты.

Дерек-көз: www.egemen.kz

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Қазақ ойшылдарының діни дүниетанымы Құран-кәрім, Хадис-шәріп, Шариат секілді исламның қайнар көздерінен бастау алып, дәстүрлі ислам арнасында қалыптасты. Жалпы дәстүрлі ислам дегенде, Қазақстан жеріне ислам Хижаз бен Хорасан жерлерінде қатан әһл әл-хадис мектебіне тән ортодоксал-дық күйінде тарала қойған жоқ.

Жергілікті мұсылман жамағатының басым бөлігі діни ұстанымы мен көзқарастарында ақидада самарқандық матуридилік ілімді, фықхтаханафилик мазхабты басшылыққа алады. Құлшылық, ғибадаттарында ата-баба жолын ұстанатындықтан, оларды «дәстүрлі мұсылмандық сенімдегілер» деп атау әдетке айналған. Қазақ халқының діни дүниетанымының дәстүршілдігі, оның синкреттілігі мұнда исламның өзгеше түркілік реңге ие болуына әкелді. Бұл аймақта ханифилик мазхабтағы суннилік ислам, ең алдымен, жергілікті салт-дәстүрге деген төзімділігімен және жаңашылдыққа деген либералдық қатынасымен ерекшеленді. Сондай-ақ исламды таратуда йасауи, накшбандийа тәрізді сопылық ағымдар – тариқаттар ерекше орын алды. Жалпы Йасауиден Шәкәрімге дейінгі қазақ даласының ойшылдарының дүниетанымдық көзқарастарында сопылық дәстүрдің негізгі рухани қайнарлардың бірі болғаны және бұл тарихи-мәдени сабақтастықтың кешегі кеңестік дәуірге дейін сақталып келгені баршаға аян. Әрине, біз бұл жерде, Шәкәрім заманында кең етек алған «надан сопылық», «жалған сопылық» туралы, қазіргі заманда бой көрсеткен «күмәнді сопылық» туралы айтып отырғанымыз жоқ. Ислам діни дәстүрлерінің көшпенді түркілер сенімінде басты орын алуы йасауи тариқаты түзген философияның мықтылығымен түсіндіріледі. Көк Тәңірінің ұлылығын қадірлей білген түркі халқының таным, түсінігіне ортақ болған ислам дінінің рухани құндылықтары да Ахмет Ясауи хикметтері арқылы енді. «Диуани хикмет» шумақтарында қазақтар осы күнге дейін қадір тұтатын ойшылдың діни және философиялық ұстанымдары нақты айқындалды. Бұл халықтың рухани танымдарында, өмір талабына айналған діни дәстүрлерде йасауи ілімдерінің кеңінен қолданылуына алып келді. Тәңірге деген философиялық ұстаным өз деңгейін кеңейтіп, Аллаға деген сеніммен ұштасып, рухани мәртебесін арттырды. Яғни, сопылық ілімдегі «қалб» мәселесі барынша ашық қарастырылып, бір Аллаға мойынұсыну адамзат жүрегіне жазылып қойған сенім ретінде қабылданды. Сопылық дүниетанымдағы адам мәселесі, еркіндік, өмірдің мәні, ар-ождан, «адамзаттың бәрін сүю» (Абай) сияқты жалпыадамзаттық маңызды бар көптеген мәселелер қай ұлтта болмасын, уақыт пен кеңістікке бағынбайтын, адам баласына ортақ құндылық екендігі ешқандай дау тудырмас басы ашық мәселе. Шәкәрімнің негізгі философиялық трактаты «Үш анық» пен діни этикалық сипаты басым поэзиясында Құдай, әлем және адам тақырыптарымен сипатталатын ұштағандық мәселені танудағы ислам қаламның, сопылық пен философияның ойлау жүйелерінің өзара ықпалы байқалады. Оның шығармашылығын барлай отырып, түркілік ислам философиясының өзегін сопылық құрайтынын, ал сопылықтың қазақи мұсылмандық түсініктің өзегін құрайтынын, бұл дүниетанымдық жүйенің қалыптасу ерекшеліктері

тәфсир және тауил әдістерін талдау арқылы айқындалатынын аңғаруға болады. Дегенмен, оның діни ағартушылық жаңашылдығы өзінен бұрын және қатар өмір сүрген қазақтың ұлы ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев сияқты демократиялық үрдіске, өркениетке жетуді насихаттаумен де сипатталады. Шәкәрім де ағартушы ретінде дүмшелікке, догматизм мен буквализмге қарсы болды. Мұндай көзқарасты қазақтың діни ағартушыларының көпшілігінен, мысалы, Ғұмар Қараш пен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен де байқауға болады. Айталық Ғұмар Қараш:

**«Мысалы надан сопы бір қара тас,
Халық соры осы күні кесірі су
Надан шейх пентек сопы екі жолдас
Надан шейх дінің соры, күнің соры
Бір қашпа олардан сен мың кері қаш»,** - деп, 1911 жылы жарық көрген «Өрнек» атты еңбегінде: «Хазреттер (адасқан сопының пірлері) өздері бек дүниау ғылымдардан хабарсыз қатты надан болады. Хәтта хазреттің түрлері, мүрид жиюларының өзі надандықтарынан келеді. Және бұл жолдағы адамдардың бәрінде хияли аурулық болады, ол хияли ауруларға көп уақыттар ридаят шегу (азап), қараңғы ханақаларда күн кешіру, бегіреке надандық себепті әһл тасауыфтың хияли керімдеріне ишанып (иланып) жүреді» деп тұжырымдайды.

Ал Мәшһүр Жүсіп болса, алдыңғы қатарлы Батыс Еуропа және орыс мәдениетін мойындай отырып, олардың озың ойларының түп-төркінінің ислам қайнарқөздерімен үндес келетіндігін атап көрсетеді: «Иауропа (Еуропа) жұртының үлгі-өнеге алып, ғылым-білім алып жатқан үлгілері – осылардың сөзі. Біздің мұсылмандық қорлыққа қалдырып тұрған – Қал ғылымында жүрген, қалғандардың сөзі. Токсан ауыз сөздің түймедей түйінін ұстап, күллі Еуропа адамдыққа жетті. Онан біздің мұсылмандардың ғылым-білімге жетілгендері переводтап алып, бізге тәркі-тәржіме қылып түсіндіреді. Молда аттарына қанық болған: Лермонтов, Салтыков, Толстойлар біздің мұсылманнан шыққан, жұрттан озған ала аяқ жүйріктердің сөзінен үлгі-өнеге алып сөйлеген. Онысын өздері сөйлеген сөзінен білдіріп кеткен. Мұнан келіп біздің мұсылманның жүйріктері переводтап алып, бізге сөйлеп жатыр. Біздің бұған жылдам түсінетіміз: «Құраннан алған жерін - Құраннан көр!» - деп біліп тұрмыз. Хадис Шарифтен алған жерін Хадис шарифтен көріп, біліп тұрмыз. Қай кітаптан алған болса, сол кітаптардың сөзі біздің қолымызда даяр. Сондықтан сөзге сөзі үйлес келген соң, олардың сөзіне: «Қылша мойыным-мұнша!» - дейміз». Ақылға негізделген иманды құп көретін Шәкәрімнің ұлы ұстазы Абайға құлақ түрсек, отыз сегізінше сөзінде «бұл заманның сопы молдалары хакім атына дұшпан болады», дейді. «Пенделіктің кәмәлаты әулиелікпен бола тұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып ху деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Хәрами, мақруни былай тұрсын, Құдай тағаланың қуатыменен, ижтиһад ақылменен тауып, рахатын көрмегіне бола жаратқан, берген ниғметтеріне, онан көрмек хұзурға суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынасапқа дұрыс

па?» деп көрсетеді. Ал, Шәкәрім болса: **«Көйбеймін дінді теріс бұрғаныңа
Сопының бара қойман құрбанына.
Ақиқат сырды айтам –
Толстойдың»,**

«Мың сопыны алмаймын тырнағына», - деп, «таза ақылмен таппаған діннің шын дін емес жындылық» екендігін алға тартады. Шәкәрім діни құндылықтарды насихаттай отырып, жікке бөлінушіліктен, бүліктен бойды аулақ ұстап, қоғамның адамшылық тұрғыдан тазаруын, иман мен рухани нұрға бөленуін уағыздайды. Бұл тұрғыдан алғанда, Шәкәрімнің діни көзқарастары бүгінгі қазақстандық қоғамда қалыптасқан діни ахуал үшін де өзектілігімен көзге түседі. Ғұмар Қараштың айтып отырған «тентек сопысынан» өзге жат жерлік «надан шейхтар» бүгінгі жастардың санасын улауда. Әлемдік геосаясаттағы діни фактордың күшеюі, қазақстандық қоғамның дінге қатысты жаһандық үрдістерге ашық болуы діни пиғылдағы экстремизм, терроризм және жалған діндер мәселесін алға тартады. Атын атап, түсін түстемесек те, жалпы жұртшылыққа белгілі бұл кері ағымдар рухани ізденіс үстіндегі жастардың дүниетанымдық мәдениеті қалыптаспағанын пайдаланып, олардың кез келген жас адамға тән болып келетін рухани ізденістерін, кейде, тіпті, әлеуметтік-материалдық мұқтаждықтарын пайдаланып, студент-жастар шоғырланып орналасқан жерлерде тікелей уағыз арқылы немесе интернет ресурстары арқылы оларды өз қатарына тартып алуға. Нәтижесінде көптеген қазақ баласы халқымыздың ғасырлар бойы ұстанып келген ханафилик дәстүрлі исламнан жеріп, қоғамнан, мемлекеттен, тіпті отбасы мен құрбы-құрдастарынан оқшауланып, мазхабтан тыс, мақсаты күмәнді жатжерлік ағымдардың қатарын толықтырып, өздері байқамай сыртқы ықпалды күштердің геосаяси ойынының құрбанына айналып кетуде. Жаңа ғасырдың басында орын алып отырған бұл үрдістер жиырмасыншы ғасырдың басында да болған тәрізді. Мысалы, халқының қамын жеген Мәшһүр Жүсіп «солдаттықтан қашқан құмыра бөрікті, толағай басты ноғайлардың», «Ферғана заманынан ақ патшаға қарамай, қашты, қуды, бірін-бірі иттей талап жүрген заманның кезінде өз басын өлімнен алып қашқан сарт-сауанның қуларының», «Мекке... Медине... екі шәріптің адамдарын жамандайтын епенділердің» қазақ арасына келіп дін үйретпегін былай деп түйіндейді: «Қазақ мақалында бұрынғы әулие өткен ата-бабалары айтып кеткен: «Қойды шартық бұлдіреді, елді қортық бұлдіреді» - деп. Сол мақалдың хақиқатын, міне, біздер көзімізбен көріп, қолымызбен ұстағандай болып нандық. Қазақ ішіне кім келеді? Онан қашқан, мұнан қашқан, жамандықпен көзін ашқан келеді». Ислам шектен шыққанды жақтамайды, дінде шектен шығушылық пен немқұрайдылықты сипаттайтын «тафрит» және «ифраттың» екеуі де құпталмайды. Дінді ауырлатпаңдар, жеңілдетіңдер, орта жолды ұстаныңдар, дұрыс бағыт бағыт көпшілік жағында деген мағынада айтылған исламның өз пайғамбарының өсиеттері барша жұртқа белгілі. Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы да «Махаббат пен құмарлық» атты өлеңінде былай дейді:

**«Сүйтсе де ифрат бар, тафрит бар,
Жарай ма соны айырып реттемей.
Не қылсаң, қыл адамға махаббат деп,**

Мейлің сөк, мейлің үйрет, айла ізденбей.

*Ол сүюің шын болсын, жалған емес,
Бұлдыр болма өзіңе-өзің сенбей.
Дүниеқұмар, залалкес бола қалсаң,
Өлімді ойла келерлік күні ертеңдей».*

Жас кезінен бастап музыкамен де, метафизикамен де, этикамен де әуестенген Шәкәрім өз дүниетанымының эволюциясы барысында бойындағы білімін Батыстың зайырлы философиялық білімімен де ұштастыра білді. Соның негізінде дарвиндік жаратылыстануды, пәншіл, затшыл материалистік философияны, жанның бір денеден екінші денеге ауысуы туралы спиритуализм мен психологияны теріске шығарды. Діни танымның жоғары деңгейіне көтерілді.

«Келдім қайдан, барам қайда, не етсем пайдам» деген негізгі өмірмәндік мәселелерді қозғайтын ойшыл-ақынның «Үш анық» еңбегі оның отыз жылдық рухани ізденісінің жемісін білдіреді. Оның бірінші анығы көне грек философтарынан бастап, еуропалық классикалық философияға дейін шешімі бірауыздан табылмаған негізгі субстанциялық мәселе болып келген түпнегізді былай деп тұжырымдайды: «барлықтың түп себебі жаратушының білім, құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ.

Дәлелдерім: ғылым жолында бұл барлықтың еш нәрсесі өздігінен бар бола алмайды да, қозғала алмайды. Бұған себеп керек. Егер ол себепке де бір себеп керек болып, себептің түбі жоқ болады делінсе, ең түбі себепсіз, бар себеп болмаса болмайды. Сол себепсіз бар болу себеп жаратушы болады. Егер сол себепсіз бар болған атом, нұр сияқтылар делінсе, олар себепсіз бар болған нәрсе емес, дәлелім – оларда қозғалыс бар, қозғалуға, жүрісінің өлшеуі бар. Өлшеулі нәрсе өзі бар болған, егер қозғалыс притяжение, отрицание өзіне тарту, әрі итеру заңымен делінсе, ол қозғалысқа да себеп керек. Ол заңды салушы керек... Сондықтан олардың түп себебі себепсіз бар себеп, түп жаратушы». Шәкәрімнің ойынша жан өлмейді, ол да тән тәрізді өзіне азық қажет етеді. Жан тәннің қожайыны, тән өлсе шіріп басқа түрге ауысады, ал жанның заты ғарыштан. Жанның ажалсыздығы, аса маңыздылығы Шәкәрім көрсеткен екінші – анық. Бұл фәни мен бақилық уақытта да «жанға керек азық Шәкәрімнің ойынша ол – ұждан. Шәкәрім ұжданды үш қасиет құрайды деп санаған. Ол – әділет, мейірім, ынасап. Шәкәрім жан туралы өзінің ізденісінің анығына көз жеткізгеннен кейін жанға екі дүниеге де керек азық ұждан деген байламға келген. Бұл «Үш анықтағы» қорытынды ой. Шәкәрімнің үшінші анығының да шешуі осы – ұждан деген дұрыс». Қазіргі жанартушылық пен жаһандануға тап келіп отырған еліміз бен халқымыз үшін болашаққа дұрыс бағдар ұстануда өткеннің өсиетінен тәлім алу маңызды. Әсіресе, бүгінгідей плюралистік қоғамда, діндер мен дүниетанымдар, мәдениеттер мен өркениеттер қиоласқан заманда дәстүрлі дін мен мәдениеттің қазбаланып, оның кей тұстарының қайта бағамдалуы, қараңғы түнде бағдар көрсететін темірқазықтай болған Абай мен Шәкәрімнің діни дүниетанымын қайта пайымдау осы заманның өзекті мәселелерінің бірі.

**Бақытжан САТЕРШИНОВ,
Дінтанушылар конгресінің төрағасы,
философия ғылымының докторы,
профессор**

Жат ағымдардан сақтанайық!

Ағымдағы жылдың 7-8 қыркүйек күндері Приозерск қаласында мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс аясында Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университетінің теолог маманы, Тирмизи ислам академиясының түлегі, облыстық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Уақасов Мадияр Мейіржанұлының қатысуымен әртүрлі санаттағы азаматтар арасында «Терроризм мен экстремизмнің іргетасы және Дәстүрлі дін дегеніміз не?» тақырыбында кездесулер өтті. Кездесуге қаламыздың жастары, ерікті белсенділері, спорт, денсаулық сақтау, білім беру, құқық қорғау және коммуналдық сала қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, әскери қызмет-керлер, жұмыссыз азаматтар және такси жүргізушілері қатысты.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ АЗАМАТТАРҒА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ

ҚАУІП-ҚАТЕРІ

заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету, азаматтарымызды барынша секталардың, экстремистік топтардың қауіп туралы көбірек хабардар етіп отыру, мекемелерде қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отыру қажеттігі турасында толық мәлімет берілді. Іс-шара соңында қатысушылар сауалдарын қойып, қанағаттандырылдық жауап алынды.

Кездесуге жал-пы 150-ге жуық адам қамтылды.



«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»



АБАЙ – ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛҒЫЗЫ

Ұлы Абайға 175 жыл

Жұртымыздың маңдайына біткен, қазақ прозасын әлемдік деңгейде мойындатқан Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясын жазса да: «Абай шалқып жатқан ұлы мұхит, бар-жоғы одан шөміштеп ғана су іштім», деп бекер толғанбаған-ау. Өміршең жыр жазып, поэзияның жазбаша үлгісін көрсетіп кеткен хакімнің мұхит екені даусыз. Абай сөзі – әр адамның шөл қандыратын рухани тұнбасы. Бар-жоғы екі томнан тұратын кітабына бас қоймасак, кенеземіз кепкендей сусап, шөліккеп тұратынымыз анық.

Өмірдің сыры мен сыны, адами қасиеті, рухани тоқырауға ұшырап бара жатқан халқына деген аяныш, надандықтан тақсырет тартып жүрген жандарға деген мейірім Абайдың жүрегін қан жылатқан. Шыңғыстаудың бөктерін тұтас жабатын Құнанбайдың малымен тіршілігін жасап, қара басының қамын жемей, қара сөздің қадірін ұғынып, жұртына даңғыл жолды көрсеткеннен кейін дана демей кім дейміз? «Халқым надан болған соң қайда барып оңайын», деп түңілгені жан тебіренісінен туындаған туынды, бүгінгі ұрпағының ұранына айналалып отыр. Тіпті, мақала, эссе, тағы сол сияқты қандай да бір шығармаға хакімнің бір тармақ өлеңінің өзі нақыл ретінде алынууда. Мешіт-медреседегі имамдардың уағызы да Абай сөзімен қорытындыланады. Осының өзі баба даналығының көрінісі екен-ау.

Абайдың ішкі әлемінде не жатқанын жырынан ұққандай болғанымызбен, өрсі биік шығармасының етегіндегі томбайған бөктерге шығып, шыңында тұрғандай сезінеміз. Ибраһим Құнанбайұлының пайымы бөлек парасаттылықтан өрнектелген өлеңі мен қара қылды қажарып, қабырғамызды сөккендей етіп жазған қарасөзі алып кенді тау екендігін аңғартады. Алайда шығармасының мазмұнын нобайлап қана ұққанымызбен, толық игерілмеген кен секілді сырттай топшылаумен ғана келеміз. Шәкәрім екеуінің рухани сабақтастығына келгенде, Құнанбай мен Құдайбердінің тамырлас екенін алдыға тартып, айтар ойды сол жақындықтарының айналасынан іздейміз. Олай пайымдасақ, үлкен қателікке бой алдырғанымыз. Рухани сабақтастық, жырларының үйлесуі туыстықпен ғана шектелетін дүние емес, ол – шекараға бағынбайтын тылсым дүние. Кешегі жыраулардың сөзі бір-бірінің жырында қайталануы да осыған айқын дәлел. Тіпті, Мағжан мен түрік ақыны Юнус Емренің, Мұқағали мен Чилидің ақыны Пабло Неруданың рухани сабақтастығы шекараға бағынбайтын тылсым дүниені бұлтартпайтын шындықпен айқындап береді. Ендеше, Абайдың жазған жырын толықтай игеру үшін әлем әдебиетінен нені оқып, нені тоқығандығын зерттеу керек болады. Ол үшін абайтану ғылымының басындағы жандар жан-жақты ізденіске баруға тура келеді. Бір ақынның

жырын оқып, оның кәусар бұлағынан шөл қандырған соң, неліктен дәмді деген сауалға жауап табу үшін де қайнар көзі қайдан бастау алғандығын білуге тұра келмей ме? Осы жерде Абай қазақ халқының перзенті болғанымен, шетел әдебиетінен бастау алып отыр дегендігім емес. Әрине, хакім – жұртымыздың қасиетінен нәр алып, қазақ құрсағында жаралып өскен дарынды ақын. Алайда М.Әуезов айтқан мұхит, теңіздердің келіп қосылуы арқылы шалқып жататындығын ескеруіміз керек шығар. Сондықтан да әлем әдебиетінен қосылған телегей-теңіздерді тізімдеп, оқып, бабамызды шалқытқан бастаулардан біздің де дәм татып

жасар Абайды ұнатып қалып, келесі жылы Семей медресесіне әдейі іздеп барады. Қасында досы Достоевский бар. Үшінші жолы Шоқан Ағабасарда болыс сайлауына түсіп жатқанда Абай әкесіне еріп барып жүздеседі. Осының үшеуінде де Шоқанның Абайға аңқылдаған ақ көңілден айтқан ағалық ақылы мен ақ тілегі: оқы, ғылымға тереңдеп сүңгі, сонда өмірге көзің ашылады. Ақындық өнеріңді дамыта бер, әбден ойланып барып қағазға түсіріп жаз, сонда өлмейтін өнерің ұрпақтарға қалады». Осы жағынан қарасақ, Абайдың өмір жолын М.Әуезов толық қамти алды деп айта алмаспыз. Тіпті, «Абай жолындағы» Қодар

«Әрбір ғалым хакім емес, әр бір хакім ғалым», деп жазған Абайдың екінші кітабының соңында «Бір сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты қысқаша түсініктемесіне көз жіберсек, біраз дүниенің бетін ашатынымыз хақ. Сол баяндамасында: «Арабтар көшпелі халықтарды «хибаи» деп, «хұзағи» деп атапты. «Хибаи» дегені кигіз шатырмен жүруші деген екен. «Хұзағи» деген өз жұртында және хұзай деген көшпелі халық бар екен, соған ұқсатып айтқан екен. Сол уақытта бір хан көшіп келе жатқан бұлардың тіркеулі түжесін көріп, «міне, мыналар шынымен қазақ екен» депті, әдейі қайтқан қазға ұқсайды-ақ деп. Сонымен бұлар өзін-өзі де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті», деп жазады. Алайда бұған келісу мен келіспеу әр қазақтың өз еркінде. Абай айтты екен деп айдай әлемге жар салайын деп отырғанымыз анық. Тек бұл баяндаудан хакімнің жан-жақты білім алып, аңыз-әпсаналарды да жадына тұтып өскендігін аңғаруға болады. Осы жазбасында шағатай тіліне ұқсастығымыз бен дін жағынан не нәрсеге көзің жетпесе, сол дүниені құдай тұта тұр деген мәселеге кеңінен тоқталады. Яғни біздің бабалар осындай оймен ырымшыл болып кеткенін, өз заманында аздап саябырсығанын жазған. Әйтпесе, келін түскен үйдің отына май құйып, «От ана, май ана, тәу, тәу!», «Өлген аруаққа арнадық», деп шырақ жаққан жұрттың пікірі шариятқа жат екендігін жақсы жеткізген. Абай – адами қасиет, жаман әдеттерден аулақ болу, дін, ұлттық болмыс, табиғат пен махаббатқа қалам сілтеген, тіпті жан бітіре жырлаған кеменгер ақын. Қарасөзі қазақ еліне айтқан өсиеті, қасиетті қағидасы сынды.

Хакім – иман мен ибалық, жалпы адамгершіліктің алтын қазығындай қағылған жан. Сол қазыққа көңіл жібін байлай білсек болды, ақ жолдан адаспасымыз анық. Абай Құнанбайұлының шығармашылығы жайлы тоқталудың өзі жүректі қозғайтын тақырып. Әр жырының тармағын тарату үшін үлкен тәуекелге бел байлағандай болармыз анық. Хакімдік биікке шыққан жанның қарасөзі мен өлеңдеріне көз жүгіртсек, әр жерден сілтеме берген сөздерге назар аударуға тура келеді. Ал ол сөздер – түрік, араб, шағатай, орыс сынды өзге тілді ұлттардың тілі. Бұл жерден Абайдың шет тілін жетік меңгергендігін де дәлелдей аламыз. Хакім болғаннан соң өзге тілді білмеуі ұят деген де пікір қалыптасуы мүмкін ғой. Жоқ олай емес, Абайдың сөздік қорын теріп шықсақ, тағы бір кітап жазуымыздың өзі аздық етеді. Қорыта айтқанда, Абай – қазақ елінің қасиетті адамы, бас ақыны, жазба поэзиясын қалыптастырушы, бірден-бір дарынды тұлға. Абай – әр қазақтың жалғызы.

Мұхтар КҮМІСБЕК
Дерек-көз: www.egemen.kz



өскеніміз жөн болар.

Рас, Абайдың жұмбағы шешілуі қиын мәселе. Рамазан Тоқтаров «Толғақ», «Жұлдыз құрбандық», «Қызғаныш», «Ғақиқат мекені», «Нұрсипат» атты бес кітаптан тұратын «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасын жазғаны кітапқұмар жандарға белгілі. Аталған кітапта хакім жөнінде талай мәселе көтеріліп, бізге жұмбақ оқиғалардың түйіні тарқатылады. Бұл роман-хамсасында Р.Тоқтаров Абай мен Шоқанды кездестіреті. «Бір емес, үш мәрте. Алғашында кадет корпусын бітірген жас офицер Шоқан әкесімен бірге Құнанбай ауылына келеді. Сонда алғыр дарыны мен зерек зейінін аңғарған он

мен Қамқаның өлімі жайлы дерек те дүдәмалдау. Олардың өлгендігі емес, бала Абайдың көргендігі. Яғни кейбір деректемелерде Қодар мен Қамқа өлімі Абай туылмай тұрпай болған десе, М.Әуезов романдағы оқиғаны шиеленістіру үшін бала Абайдың көз алдында екі бейбақты өлтіреді. Әрине, бұл – шикілік емес, зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі. Абай жыры әлемді мойындатса да өмір жолын толық білмейміз. Міне, осы бір сөзді Мұхтардың «шөміштеп қана су іштім» дегені нақтылай түспек. Дегенмен де, Әуезов сынды майталман жазушымызға халық болып қарыздар екеніміз де ескерусіз қалмауы керек.

Халыққа қызмет

– маңызды міндет!

«Қамқорлық» дегеніміз адам бойындағы мейірім-шапағаттан, кісіге көмектесуге болған ниеттен тұратын ізгілік іс әрі сауап. Қиналған, науқас, қарт адамдарға аяушылықпен қарау, қол ұшын беру, олардың жағдайын жасап, көмектесу, жанашырлық көрсету жылы жүректілікті және адам бойындағы асыл қасиетті білдіреді. Осындай жылы жүректен туған сол жақсылық, қамқорлық болып табылады және әрбір жасаған жақсылығың міндетті түрде өзіңе қайтады. Дүниеден бар-жоғы жиырма жеті-ақ жас жасап өткен қазақтың біртуар ұлы, ақын-жазушы Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз осы мәселе туралы былай дейді:

*«Жақсылық қылсаң, өзіңе,
Жамандық қылсаң, өзіңе,
Енді қайтып сенбеймін,
Тағдырдан деген сөзіңе...».*

Ұзақ шумақты өлеңнің бір ғана шумағына осындай пәлсапалық, ғибратты ойды сыйдыра білген бабамыз қандай даналық ой қалдырған десеніңші?! Жалпы, қазақ халқы кемтар, науқас жандарға қамқорлыққа аса назар аударып, төсек тартып жатқан жандардың көңілін сұрап, қажет болса материалдық көмек көрсетуге әрдайым дайын болған. Бұл дегеніміз, тек қарт немесе

МҮГЕДЕКТЕР ЖАҒДАЙЫ БАСТЫ НАЗАРДА

науқас адамдарға ғана жылыжүрек-тілік таныту емес, барлық адамдарға, сонымен қатар жан-жануарларға, тіпті табиғатқа да қамқор болу деген сөз. Мұның астарына тереңірек үңіле білген жөн. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан мүгедектерге жасалып жатқан көмек пен қамқорлық жеткілікті дәрежеде деп айтуға негіз бар. Сонымен қатар әлеуметтік және жұмыспен қамту саласының қызметкерлері де өз жұмыстарын тиісінше атқаруда деп айта аламыз.

Қазіргі кезде Приозерск қаласы бойынша тіркеуде тұрған жалпы саны 246 мүгедек бар. Оның ішінде І топта 41, ІІ топта 107, ІІІ топта 98 адам әлеуметтік мекеме қызметкерлерінің назарында. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі адамдардың проблемалық сұрақтарын қарастыру мақсатында қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиеваның төрағалығымен «Мүгедектер істері жөніндегі қалалық Кеңес» бойынша комиссия құрамы құрылған. Жылдық жоспар бойынша тоқсанына бір рет өткізілетін Кеңес отырысында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың проблемалық сұрақтары қарастырылады. Кеңес мүшелерінің, тиісті мекемелер басшыларының ой-пікір, ұсыныстары ортаға салынады. Комиссия отырысында мүмкіндігі шектеулі

жандардың қоғамда тең құқыққа ие болуы, жұмысқа жарамды азаматтардың жұмыс орындарының квотасы арқылы жұмысқа орналасуы, сонымен қатар өмірлік қиын жағдайға түскен адамдарға тағайындалатын көмектер, жұмыспен қамту бөлімі арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер жайындағы мәселелер талқыланады. Ағымдағы жылы жұмыс орындарының квотасы арқылы ІІ топ мүгедегі Приозерск қаласының «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК мекемесіне жұмысқа жолдама алып, орналасты.

Қазіргі күнге дейін өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтар үшін жұмыспен қамту бөлімінен 151 адамға материалдық көмек тағайындалып, төленді. Денсаулықты қалпына келтіру мақсатында ағымдағы жылдың басынан бастап зейнеткерлер мен мүгедектер қатарынан Щучинск қаласында орналасқан «Алмаз» шипажайына санаторилық-курорттық емделуге 14 адамға жолдама беріліп, денсаулықтарын қалпына келтіру мақсатында жіберілді. Сондай-ақ биылғы жылы 30 мүгедекке гигиеналық құралдар, жөргектер, несеп қабылдағыштар, сіңіргіш жаймалар (жаялықтар), иісті бейтараптан-дырғыш, теріні тазартқыш, катетерлер

беріліп, көмекші таяқпен 1 адам, тростьпен 1 адам, жуынатын бөлмесіне арналған қайырмалы тіреуіш тұтқалармен 2 адам қамтамасыз етілді. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде 3 әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді, олар бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж адамдарға үйде әлеуметтік көмек көрсетеді. Бүгінгі күні үйде қызмет көрсетумен 19 адам қамтылды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі – 6 бала және 13 зейнеткерлер бар. Сонымен қатар қалада жалғызбасты және қараусыз қалған, құжатсыз жүрген азаматтарға да көмектер көрсетіліп келеді. Бұған қаладағы қайырымды кәсіпкерлер атсалысып, мейірім шуағын төгіп жатқанын айта кеткеніміз жөн болар. Мұндай қайырымды, жоқ-жітікке, материалдық көмекке зәру жандарға көмек қолын созып, Жаратқан иенің шарапатына, адамдардың ризашылығы мен рахметіне ие боламын дейтін кәсіпкер азаматтар табылып жатса, олардың ниеттерін құптап қабыл аламыз. Сонымен қатар қаламызда тұрып жатқан мүгедектер жағдай әрдайым басты назарда екенін жұрт біле жүрсін.

Рахима АХМЕТОВА,
Приозерск қаласы жұмыспен қамту орталығының директоры.



«ЕҢБЕК» БИЗНЕСТІ ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ГРАНТ АЛҒАН МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР

Бүгінгі таңда Елбасы ел экономикасын дамыту, халықтың әл-ауқатын жақсарту, сонымен қатар жұмыссыздықтың деңгейін төмендету мақсатында жеке кәсіпкерлікті дамытуға аса көңіл бөледі.

Осы бастаманы қолдау мақсатында «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде бастапқы бизнесті іске асырып жатқан немесе іске асыруды жоспарлайтын бағдарлама қатысушыларына өтеусіз және қайтарымсыз негізде мемлекеттік гранттар беріледі.

2019 жылы жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттарды беру үшін 100 және 200 айлық есептік көрсеткішпен (АЕК) барлығы 56 жобаға 23 987 мың теңге бөлінді, оның ішінде 100 АЕК – 11 жоба, 200 АЕК – 45 жоба оның ішінде «Жастар жылы» аясында жастарға – 30 грант, көп балалы отбасыларға – 5 грант, аз қамтылған отбасыларға – 5 грант және жұмысқа қабілетті мүгедектерге – 5 грант беру қарастырылған.

2019 жылы 100 АЕК – 11 жобаға және 200 АЕК – 41 жобаға (көп балалы отбасыларға – 5 грант, жастарға – 28 грант,

аз қамтылған отбасыларға – 4 грант, жұмысқа қабілетті мүгедектерге – 4 грант) қаражат берілді.

Ағымдағы жылы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа 12 жобаға сомасы 6, 627 мың теңге бөлінді (200 АЕК). Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 12 жобаға сомасы 6,627 мың теңгеге мемлекеттік грант берілді.

2020 жылы қосымша республикалық бюджеттен жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа 28 жоба сомасы 15,556 мың теңге бөлінді.

Ағымдағы жылы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында екінші бағыты бойынша мемлекеттік грантқа жұмысқа қабілетті мүгедектер өтініш берген жок. Мемлекеттік грант бойынша түсіндірме жұмыстары жалғастырылуда.

«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ

ЛАТЫН ӘЛІПБИ – ӨРІСІ КЕҢ ӘЛІПБИ



ЗООМ платформасында «Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Алмас Ұланның жүргізуімен Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Латын әліпбиі – өрісі кең әліпбиі» атты онлайн форматта кездесу өтті.

Онлайн кездесуге қаланың ерікті белсенділері, «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары мен қала жастары қатысты. Жалпы іс-шара барысында қатысушыларға латын графикасына көшудің маңыздылығы туралы ақпарат айтылып, жаңа әліпбиі еліміздің болашағы үшін қабылданған маңызды шешім екендігі түсіндірілді.

Кездесуде латын қарпін жаттаудың оңтайлы әдістері туралы слайдтар көрсетілді. Қатысушылар латын әліпбиі туралы ой-пікірлерімен бөлісіп, белсенді түрде ат салысты. Жиынға қатысушы жастар латын әліпбиіне көшудің тиімділігін, заман талабы екенін айтты. Жалпы онлайн кездесуге 40 адам қатысты.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ



ЦИФРОВИЗАЦИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ ПОЗВОЛИТ ИСКЛЮЧИТЬ КОРРУПЦИЮ – МСХ

В Казахстане разрабатывается Законопроект по предоставлению земель в электронном формате. Об этом рассказал министр сельского хозяйства РК Сапархан Омаров на брифинге, сообщает primeminister.kz.

При этом, Земельная комиссия будет исключена, будет внедрено безбумажное оказание услуг, автоматизирована процедура согласования предоставления земельных участков с коммунальными службами. Благодаря цифровизации существенно сократятся сроки предоставления земельных участков, к примеру общий срок по прямому предоставлению земельного участка сократится с 1 года до 30 дней.

В свою очередь земельные участки для коммерческих целей будут предоставляться на торгах (конкурсах, аукционах) через электронную торговую площадку министерства финансов (госреестр). Любому желающий сможет выбрать земельный участок у государства через участие в аукционе выбрав его на публичной карте. Это позволит сократить срок предоставления от 3 месяцев до 10 дней.

«По цифровизации в АПК у нас планов много, но я обозначу три основных вопроса. Первое — это цифровизация земельных отношений. После принятия законопроекта все земли будут выдаваться в электронном формате. Основная задача — исключить человеческий фактор, бюрократию и кор-

рупцию, также сократить сроки рассмотрения заявок. Второе — это прослеживаемость сельхозпродукции и третье — вопрос электронной торговли сельхозпродукции», — отметил министр сельского хозяйства.

Он отметил, что цифровизация работы элеваторов позволила бы обеспечить прозрачность их деятельности и предотвратить возможные факты хищения, и порчи зерна. На сегодняшний день согласно имеющейся информации порядка 40 элеваторов в республике технологически оснащены такими элементами, как системы автоматической очистки, сушки зерна, электронными весами, также устанавливаются системы контроля зараженностью вредителями. Активно внедряется система автоматического учета складирования.

«Работа по повышению прозрачности деятельности хлебоприемных предприятий в стране активно ведется. В стране уже более 2 лет действуют электронные зерновые расписки, которые были введены против приписок зерна на элеваторах. Данная работа будет продолжена. Сейчас порядка 10 ИТ-компаний разрабатывают свои программы, мы будем из них выбирать. Здесь необходимо понимать, что цифровизация будет ложиться на хлебоприемные предприятия дополнительными финансовыми затратами, поэтому это вопрос необходимо обсудить с бизнесом», — сказал министр.

Источник: www.primeminister.kz

Айбын-2020

ВПЕРЕД К УСПЕХУ!

С августа месяца началась подготовка к Республиканским военно-патриотическим сборам «АЙБЫН 2020».

На базе общеобразовательной средней школы № 2 города Приозерск, проводится заключительная фаза подготовки воспитанников военно - патриотического клуба САГАДАТ, созданный при войсковой части 60601. Под руководством председателя военно-патриотического клуба «САГАДАТ» Б.Н.Алимова и инструктора по военно-прикладным видам спорта Д.Жанылхан ребята ежедневно готовятся к сборам АЙБЫН 2020.

С учетом сложной эпидемиологической обстановки в государстве, Руководством министерства обороны было принято решение провести Республиканские военно-патриотические сборы Айбын 2020 в режиме Online. Участники конкурса будут участвовать в данных сборах с 28 сентября

по 30 ноября. На сегодняшний день ребята прошли качественную подготовку к сборам и приобрели важные навыки. Хотелось бы пожелать нашим ребятам - воспитанникам военно-патриотического клуба «САГАДАТ», успехов и занять призовые места.

КГУ «Молодежный ресурсный центр города Приозерск»



ХАБАРЛАНДЫРУ * ОБЪЯВЛЕНИЯ

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Водительское удостоверение сер.МС № 001596 от 26.02.2010 г., выданное на имя Жураев Айбек Сарибавич, в связи с утерей.

НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.

Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 37/681. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041